ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 14 наурыз №2713-25-00-2/155 іс Орал қаласы

Батыс Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья Е.Р.Бекенов,
сот отырысының хатшысы С.Максутованың қатысуымен
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Батыс Қазақстан облысының әкімдігі мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының «Хадиша Бөкеева атындағы облыстық қазақ драма театры» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Азиза Сериковна Каликанова дара кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алудың жозықсыз қатысушысы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшының өкілі Д.А.Бекенова
жауапкер А.С.Толеутаева

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2024 жылғы 04 желтоқсан күні, тараптар арасында жалпы құны 444 333 теңге құрайтын №155 мемлекеттік сатып алу туралы шарт (әрі қарай – шарт) жасалған.

Жауапкер, шарттың 1-қосымшасына сәйкес, тапсырыс берушінің өтініші бойынша «Сорғыш-күштік агрегат (тұман генераторы)» тауарын жеткізуге міндеттенген.

2024 жылдың 15 желтоқсанында тапсырыс беруші портал арқылы өтініш жолдап, тауар 15 күнде жеткізілуі қажет екені туралы ескертілген.

Шарттың қолдану мерзімі 2024 жылдың 31 желтоқсанына дейін.

Тараптар арасында мемлекеттік сатып алу туралы шартта көзделген өз міндеттемесін жауапкер толық орындамағандықтан талап қоюшы соттан жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тануды сұрады.

Құжатқа қол қойылған: Бекенов Е. Р., 20.03.2025
Заңды күшіне енген күні: 11.06.2025, судья Бекенов Е. Р., 18.06.2025
2713-25-3-1/94

Жауапкер талап қоюға қарсі пікірінде, 2024 жылдың 31 қазанындағы «Бағалы ұсыныстарға сұраным» мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде «Каликанова» дара кәсіпкері екінші жеңімпаз болып табылғанын, бірінші жеңімпаз бас тартқан себебінен тапсырыс берушімен 2024 жылдың 04 желтоқсанында шарт жасалды деп көрсеткен. Шартқа қол қойылғаннан кейін шартта көрсетілген нөмірлер бойынша (8-7112-51-26-96; 508762) тапсырыс берушімен хабарласуға тырысқанын, бірақ нөмірлерге бірнеше рет, бірнеше күн қоңырау шалғанда ешкім жауап бермегенін, кейіннен тапсырыс берушінің ғимаратта жөндеу жұмыстары өткізіліп жатқанын естіп, тапсырыс берушімен хабарға шығу біраз уақытқа мүмкін болмады делінген. Тек 2024 жылдың 15 желтоқсанында мемлекеттік сатып алу порталында тауарды 15 күнде әкелуге сұраныс келіп түскенін, көрсетілген тауар шетелден әкелінетін болғандықтан белгіленген уақыт өнім беруші үшін өте аз болғанын, ал жыл аяқталып бара жатқандықтан, тапсырыс берушімен байланысқа шығып 15 күнде әкеле алмайтынын, дегенмен 2025 жылдың 15 қаңтарына дейін мерзімінен кешігіп әкеле алатынына туралы көрсеткен. Алайда, тапсырыс беруші ол уақытта қабылдап алмайтынын және ол уақытта ақшасын бере алмайтынын айтқанын, сондықтан сұранылған тауарды әкеліп бере алмағанын көрсеткен.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі жауапкер мемлекеттік сатып алу конкурсына өз еркі мен қатысқанын, шартқа қол қойылған кезінде тауар өнім берушіде болуға тиіс болатынын айтып, талапты қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер талапты мойындамай, қарсы пікірінде көрсетілген негіздермен талап қоюды қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (әрі қарай – Азаматтық кодекс) 272-бабына сәйкес міндеттеме-міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (әрі қарай - Заң) 12-бабының 4-тармағы 3-тармақшасында мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі: мемлекеттік сатып алу туралы өздерімен жасасқан шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған не тиісті дәрежеде орындамаған өнім берушілердің тізбесі болып табылады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 3)-тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуметті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Құжатқа қол қойылған: Беканов Е. Р., 20.03.2025
Заңды күшіне енген күні: 11.06.2025, судья Беканов Е. Р., 18.06.2025
2713-25-3-1/94

Аталған Заңның 43-бабының 22-тармағына сәйкес мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша тауарларды берудің, жұмыстарды орындаудың, қызметтерді көрсетудің ең аз мерзімі тауарды беруге, оның ішінде оны дайындауға (өндіруге), жеткізуге, жұмыстарды орындауға, қызметтерді көрсетуге кеткен мерзімнен кем болмауға, бірақ кемінде күнтізбелік он бес күн болуға тиіс.

Талап қоюшы, заңға және шарттың талаптарына сәйкес өтінішін шарттың қолдану мерзімі аяқталуына дейін, яғни 2025 жылғы 15 желтоқсан күні мемлекеттік сатып алу порталы арқылы жолдап, тауарды күнтізбелік он бес күнде жеткізу қажет екенін хабарлаған.

Сотта анықталғандай, жауапкер өзіне мемлекеттік сатып алу туралы келісім шарт бойынша жүктелген міндеттемені орындамаған.

Азаматтық кодектің 359-бабының 2-тармағына сәйкес, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырған кезде міндеттемені орындамаған немесе тиісті дәрежеде орындамаған адам, егер бой бермейтін күштің, яғни осы жағдайлар кезіндегі төтенше және тойтаруға болмайтын мән-жайлардың (дүлей құбылыстар, соғыс қимылдары, төтенше жағдай және т.б.) салдарынан тиісті дәрежеде орындауға мүмкіндік болмағандығын дәлелдей алмаса, мүліктік жауаптылықты көтереді. Ондай мән-жайларға, атап айтқанда, міндеттемені орындау үшін қажетті тауарлардың, жұмыстардың немесе қызмет көрсетудің рынокта болмауы жатпайды.

Кәсіпкерлік қызмет кәсіпкер атынан, оның тәуекел етуімен және мүліктік жауапкершілігімен жүзеге асырылады. Өзіне алған міндеттемені тиісінше орындау ол кәсіпкердің тәуекел етуі.

Талап қоюшының тарапынан күнтізбелік 30 күн ішінде сотқа жүгіну мерзімі сақталған.

Сондықтан, сот талап қоюшының талабы негізді деп тауып, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы қанағаттандырылуға жатады деп есептейді.

АПК-нің 117-бабына сәйкес, төлеуден талап қоюшы босатылған мемлекеттік баж сот шығындарын төлеуден босатылмаған жауапкерден мемлекет кірісіне өндіріліп алынады. Осыған орай, жауапкерден мемлекет пайдасына 1 966 теңге мөлшеріндегі мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Батыс Қазақстан облысының әкімдігі мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының «Хадиша Бөкеева атындағы облыстық қазақ драма театры» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының талап қоюы қанағаттандырылсын.

Құжатқа қол қойылған: Беженов Е. Р., 20.03.2025
Заңды күшіне енген күні: 11.06.2025, судья Беженов Е. Р., 18.06.2025
2713-25-3-1/94

Азиза Сериковна Каликанова дара кәсіпкері мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Азиза Сериковна Каликанова дара кәсіпкерінен жергілікті бюджет пайдасына 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж сомасы өндірілсін.

Сот шешіміне апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты осы сот шешімі түпкілікті нысанда дайындалған күннен бастап, ал сот отырысына қатыспаған тұлғалар, оларға сот шешімінің көшірмесі жолданған күннен бастап бір айдың ішінде Батыс Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Батыс Қазақстан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына берілуі мүмкін.

Судья **Е.Р.Бекенов**

Құжатқа қол қойылған: Бекенов Е. Р., 20.03.2025

Заңды күшіне енген күні: 11.06.2025, судья Бекенов Е. Р., 18.06.2025

2713-25-3-1/94